

*А.М. ДӨНЕНҚҰЛОВ*

Қ.И. Сатпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық университетінің магистранты

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСҚАРУ ШАРАЛАРЫ**

### **Аннотация**

Дағдарысқа қарсы басқару шараларына қатысты заң жобалары, стратегиялар және тапсырмалар нақты көрсетілген.

Мысалға, инновациялық индустрияландырудың жеті басымдығы туралы. Олар: - аграрлық секторды технологиялық қайта жарақтандыру және кең ауқымда жаңғырту; - құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту; - мұнай өндеуді және мұнай-газ секторының инфрақұрылымын дамыту; - металлургияны және дайын металл өнімдерін өндіруді дамыту; - химия, фармацевтика және қорғаныс өнеркәсібін дамыту; - «таза» энергетиканы жасауды қоса алғанда энергетика саласын жаңғырту және дамыту; - көлік және телекоммуникация инфрақұрылымын дамыту.

Сонымен қатар, дағдарыстың әртүрлі кезеңіндегі ел Үкіметінің экономиканы модернизациялау және индустрияландыру, стратегиялық жобаларды жүзеге асыру, қазақстандық экспортты сыртқы рыноктарға шығару, кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі атқарған шаралары талданған.

**Кілт сөздер:** Дағдарысқа қарсы басқару шаралары, басқару шараларына қатысты заң жобалары, стратегиялық жобаларды жүзеге асыру, қазақстандық экспортты сыртқы рыноктарға шығару, кәсіпкерлікті дамыту.

**Ключевые слова:** Меры антикризисного управления, законопроекты касающиеся методов управления, стратегический проект, исполнение, экспорт казахстанского рынка на внешний рынок, развитие предпринимательства.

**Keywords:** Measures of антикризисного management, billsare touching methods managements, strategic project, execution, export of the Kazakhstan market to the foreignmarket, development of enterprise.

Экономикалық дағдарыстың зияны да, пайдасы да бар. Зияны – экономикалық тұрақтылыққа жағымсыз әсер етуі болса, пайдасы – “ұзын арқан, кең тұсауға” салынбай, етек-жеңімізді жиып отыруға ыңғайлауда. Мәселен, жалпы жаһанға жайылған “тұмаудан” сақтану үшін қамданып жатырмыз. Онда да Үкімет “ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеп”, қаржы секторындағы “аурудың” алдын алды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен бірқатар маңызды заң жобалары жасалды. Тұрақтандырушы шаралар пакеті қабылданды, Ұлттық қордан қосымша 10 миллиард доллар бөлінді. Мемлекеттің

әлеуметтік міндеттемелері сақталып қана қойған жоқ, сонымен бірге ұлғайтылды, болашағы зор инвестициялық жобалар анықталды. «Жол картасы» және Өңірлік жұмыспен қамту стратегиясы қабылданды.

Елбасы инновациялық индустрияландырудың жеті басымдығын анықтап берді. Олар:

1. аграрлық секторды технологиялық қайта жаратандыру және кең ауқымда жаңғырту;
2. құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту;
3. мұнай өңдеуді және мұнай-газ секторының инфрақұрылымын дамыту;
4. металлургияны және дайын металл өнімдерін өндіруді дамыту;
5. химия, фармацевтика және қорғаныс өнеркәсібін дамыту;
6. «таза» энергетиканы жасауды қоса алғанда энергетика саласын жаңғырту және дамыту;
7. көлік және телекоммуникация инфрақұрылымын дамыту.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен экономиканы тұрақтандырушы шаралар кешенін жүзеге асыра отырып, еліміз экономика өсімінің қарқынын төмендеткен жоқ және отандық қаржы жүйесін дағдарыстан аман сақтап қалды. Қаржылық дағдарыстың қатты шиеленісуінен кейбір елдердің дефолтқа ұшырау қаупі ұлғайса да, Қазақстан экономикасына ешқандай қауіп төнген жоқ. Өйткені, алдын-ала қамданғандықтан “ақырын жүріп, анық басты”. Еліміздегі қаржы жүйесінің ахуалы қоғамның тұрақтылығына, халықтың әл-ауқатына тікелей әсер ететіні белгілі. Бұл орайда Үкімет банк және қаржы секторындағы дағдарыстың алғашқы белгілерімен күресу үшін “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” заң дайындады. Заңның басты міндеті – ірі қаржылық ұйымдардың әдейі төлем қабілетін төмендетуіне байланысты жауапкершілікті арттыру. Сонымен қатар, қаржы әлеміндегі дағдарыс үлестік қатысу туралы заңға да өзгертулер мен толықтырулар енгізуді талап етті. Себебі, жаһандық ипотекалық дағдарыстан Қазақстанда ең алдымен үлескерлер зардап шеккенін жақсы білеміз. Үкімет басшылығы үлескерлер мәселесіне дер уақытында үн қатып, тұрғын үй құрылысы рыногын тұрақтандыруға 175 млрд. теңге бөлді. Бұл тактикалық жағынан аса маңызды қадам болды. Ең бастысы, мемлекет үлескерлердің мәселесіне жедел назар аударып, заңдық және қаржылық тұрғыдан қол ұшын созды. Қазір Қазақстанның құрылыс саласындағы ахуал басқа дамыған елдер мен Ресейге қарағанда көп жақсы.

Дағдарыстың салқыны сезілгеннен бері еліміз мол тәжірибе жинақтады. Сол тәжірибенің көмегімен ширақ қимылдап, қаржылық дағдарысқа қарсы шараларды да, кейбір елдегі оң өзгерістерге тиімді әсер ететін заң жобаларын да қабылдады.

Алғашқы дағдарыстан кейінгі кезеңде ел Үкіметінің алдына экономиканы кең ауқымда модернизациялау және индустрияландыру, рентабельділігі төмен жобаларды қоса ала отырып, стратегиялық жобаларды жүзеге асыру, қазақстандық экспортты сыртқы рыноктарға шығару, кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөнінен міндеттер қойылды. Осы орайда мемлекеттің маңызды әлеуметтік міндеттерді шешуге, оның ішінде, өндірісте жаңа жұмыс орындарын ашуға, кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға мүдделі болды.

Даму институттарын сенімді басқару функцияларының берілуі арқылы министрліктер «Өнімділік-2020», «Бизнестің жол картасы-2020», «Экспорттаушы-2020», кәсіпорындарды сауықтыру бағдарламасы сияқты мемлекеттік бағдарламаларды табысты жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болды. Салалық министрліктер тарапынан компаниялар қызметін оперативті басқару функциялары стратегиялық инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысында қажетті шараларды уақытылы қабылдауға, сол сияқты, түйткілді түйіндерді шешуде мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетуге жағдайлар туғызды.

Даму институттарының, әу бастан-ақ мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру құралы ретінде құрылғаны, сонымен бірге, табыстарды ұлғайтудың ондай компаниялар үшін басты мақсат болмағандығы белгілі. Кезінде, яғни «Самұрық-Қазына» холдингін құру сатысында даму институттарын бір ғана акционердің басқаруына біріктіру еуропалық тәжірибені, сол сияқты, Сингапурдың, Малайзияның осыған ұқсас компанияларының тәжірибелерін ескере отырып корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін енгізуге, компаниялар қызметтерінің тиімділігі мен мөлдірлігін арттыру үшін қажетті процедураларды, жоспарлау, бюджеттеу жүйесін жолға қоюға жағдай жасағанын да айта кету керек. Дағдарыстың неғұрлым өткір кезеңінде жұмыс істеп тұрған даму институттарының, атап айтқанда, Қазақстанның Даму банкінің, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана отырып қор Үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасының негізгі операторына айналды.

Осылайша, мемлекеттік инвестициялық саясатты жүзеге асыру құралы ретінде құрылған даму институттарын сенімді басқаруға беру атқарушы билікке даму институттарына салынған бюджет қаржыларын пайдалана отырып, ірі мемлекеттік бағдарламаларды неғұрлым тиімдірек жүзеге асыруға қолайлы жол ашты.

Қазақстан экономикасын адамның ағзасы десек, осы ағзаға ауру жұқпау үшін оның алдын алу керек. Өйткені, күннен-күнге қаржылық “тұмаудың” таралуы кеңейіп келеді. Алайда, бізге одан қауіптенудің қажеті жоқ. Сарапшылардың айтуына қарағанда, дағдарыс бізге жағымды ықпалын тигізуде. Себебі, мұндай сынақта нарық әлсіз субъектілерден арылады. Отандық экономика жаңа сапалы даму деңгейіне көтеріледі, яғни нақты сектор еңсесін тіктейді, өнеркәсіптің белсенді жұмыс істеуі жоғары технологиялар саласына серпін береді. Себебі, сыналар сәтте нарықта күштілер мен біліктілер ғана қалады. Бұл – алға қарай жылжуға жетелейтін нарықтық механизм. Сонымен қатар, жаһандық дағдарыс мемлекетті басқару саясатына да жағымды ықпалын тигізгенге ұқсайды. Мысалы, қазір барлық билік құрылымдары: Үкімет, Парламент, Ұлттық банк, Қаржы рыногын реттеу және бақылау агенттігі, “Самұрық-Қазына” қоры барлығы бір жұдырыққа жұмылып, Мемлекет басшысының берген тапсырмаларын бұлжытпай орындауда. Ал мемлекетті басқару тетіктерінің біртұтастығы дағдарысты ауыздықтауды жеңілдеті түседі.

## ЛИТЕРАТУРА

- 1 Беляев С.Г., Кошкин В.И. Теория и практика антикризисного управления. М. «Закон и право» Из-во «ЮНИТИ» 1996 г.
- 2 Грязнова А.Г. Антикризисный менеджмент. М. Из-во «ЭКМОС», 1999г.
- 3 Коротков Э.М. Антикризисное управление. М. Из-во «ИНФРА-М», 2000г.
- 4 Справочник кризисного управляющего. Под редакцией Уткина Э.А.. –М: ЭКМОС, 1998 г
- 5 Грязнова А.Г. Антикризисный менеджмент. М.: Тандем, 1999 г.
- 6 Гуськов И.Б. Практика антикризисного управления. У:ПГСА, 1998

- 7 Иванов Г.Г. и др. Банкротство. Стратегия и тактика выживания М.: 1993
- 8 Крыжановский В.Г. и др. Антикризисное управление. М.: Приор, 1998
- 9 Уткин Э.А. Антикризисное управление. М.:ЭКСМОС, 1997
- 10 Сборник научных статей «Реформирование государственных предприятий: проблемы и пути решения.» Под редакцией д.э.н, чл.корр. АН Республики Казахстан Сатыбалдина А.А. г. Алматы 1996 г.
- 11 Закон РК «О Банкротстве» 1997 г. г. Алматы.

#### REFERENCES

- 1 S.G. Beljaev. V.I. Koshkin. Teoriya i praktika antikrizisnogo upravlenija. M. «Zakon i pravo» Iz-vo «JuNIT» 1996 g.
- 2 A.G. Grjaznova. Antikrizisnyj menedzhment. M. Iz-vo «JeKMOS», 1999g.
- 3 Je.M. Korotkov. Antikrizisnoe upravlenie. M. Iz-vo «INFRA-M»,2000g.
- 4 Spravochnik krizisnogo upravljajushhego. Pod redakciej Utkina Je.A.. –M: JeKMOS, 1998 g
- 5 Grjaznova A.G. Antikrizisnyj menedzhment. M.: Tandem, 1999 g.
- 6 Gus'kov I.B. Praktika antikrizisnogo upravlenija. U:PGSA, 1998
- 7 Ivanov G.G. i dr. Bankrotstvo. Strategija i taktika vyzhivaniya M.: 1993
- 8 Kryzhanovskij V.G. i dr. Antikrizisnoe upravlenie. M.: Prior, 1998
- 9 Utkin Je.A. Antikrizisnoe upravlenie. M.:JeKSMOS, 1997
- 10 Sbornik nauchnyh statej «Reformirovanie gosudarstvennyh predprijatij: problemy i puti reshenija.» Pod redakciej d.je.n, chl.korr. AN Respubliki Kazahstan Satybaldina A.A. g. Almaty 1996 g.
- 11 Zakon RK «O Bankrotstve» 1997 g. g. Almaty.

**Дуненкулов Асан Муратович**  
**Экономикалық дағдарысқа қарсы басқару шаралары**

#### Резюме

Берілген жұмыста дағдарысқа қарсы басқару шараларына қатысты заң жобалары, стратегиялар және тапсырмалар нақты көрсетілген.

Мысалға, инновациялық индустрияландырудың жеті басымдығы туралы. Олар:

- аграрлық секторды технологиялық қайта жарактандыру және кең ауқымда жаңғырту;
- құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту;
- мұнай өңдеуді және мұнай-газ секторының инфрақұрылымын дамыту;
- металлургияны және дайын металл өнімдерін өндіруді дамыту;
- химия, фармацевтика және қорғаныс өнеркәсібін дамыту;
- «таза» энергетиканы жасауды қоса алғанда энергетика саласын жаңғырту және дамыту;
- көлік және телекоммуникация инфрақұрылымын дамыту.

Сонымен қатар, дағдарыстың әртүрлі кезеңіндегі ел Үкіметінің экономиканы модернизациялау және индустрияландыру, стратегиялық жобаларды жүзеге асыру, қазақстандық экспортты сыртқы рыноктарға шығару, кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі атқарған шаралары талданған.

## **Дуненкулов Асан Муратович** **Управление меры по борьбе с экономическим кризисом**

### **Резюме**

Показаны законопроекты, стратегии и поручения касающиеся антикризисных мер управления.

Например, семь приоритетов инновационной индустриализации. Это:

- Обеспечение обновления технологии и оборудовании в аграрном секторе;
- развитие индустрии строительства и производство строительных материалов;
- развитие переработки нефти и инфраструктуры нефтегазового сектора;
- развитие металлургии и производство готовой продукции металла;
- развитие промышленности химии, фармацевтики и обороны;
- развитие «чистой» энергии и отрасли энергетики в общем;
- развитие инфраструктуры транспорта и телекоммуникации.

Обсуждались меры Правительства по модернизации экономики и индустриализации, по исполнению стратегических проектов, по введению казахстанского экспорта на внешний рынок, а так же по развитию и поддержке бизнеса.

## **Management measures against the economic crisis**

### **Summary**

This article clearly shows the laws, policies and instructions relating to crisis management measures.

For example, the seven priorities of innovation industrialization. They are:

- Provide updated technology and equipment in the agricultural sector;
- The development of the construction industry and building materials;
- The development of oil and gas sector infrastructure;
- The development of metals and fabricated metal products;
- Development of industrial chemicals, pharmaceuticals and defense;
- The development of "clean" energy and the energy industry in general;
- The development of transport infrastructure and telecommunications.

Government discusses measures to modernize the economy and industrialization, the execution of strategic projects for the introduction of Kazakhstan's exports to foreign markets, as well as for the development and support of business.

*Поступила 17.01.2013 г.*